

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің  
философия кафедрасының профессоры, Шымкент қаласы

## **А.СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ ОЙ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ**

### **Аннотация**

А.Сүлейменовтің философиялық сипаттағы прозасында, драматургиясында, эсселерінде, сын мақалаларында көп көрініс берген ой ұғымы талданады. Ой ұғымының өзекті атрибуттарын сараптау барысында баяндау, салыстыру, абстрактілеу әдістері кеңінен қолданылған.

**Кілт сөздер:** ой, ой мен сөз, мағыналы ой, қашқан ой, шығармашылық.

**Ключевые слова:** мышление, мышление и язык, смысловое мышления, формальное мышление, формальное мышление, творчество.

**Keywords:** thought, thought and word, conceptual thought, escape thought, create.

Ой – тарихи-философиялық дискурста әруақытта қарастырылған ескі, сонымен қатар, жаңа ұғым. Ескі ұғым дегеніміз – ол туралы зерттеулердің, ізденістердің, пікірлердің көптігіне назар аударуымыз. Жаңа ұғым деуіміз – ол соншалықты көп жұмыстарға азық, арқау болғанына карамастан, айсберг сияқты біресе көрініп, біресе жасырынып, мен мұңдалап тұратын мәңгілік мәселе. Оның құдыреті адам зияткерлік болмысының ойсыз болмайтындығында. Қоғамдағы жасампаз жетістіктер де, оны құрдымға апаратын сұрқия әрекеттер де ойдың қатысуымен болады. Ойсыз іс те жоқ, әрекет те жоқ.

Асқар Сүлейменов шығармаларының барлығында дерлік көрініс берген, тіпті күтпеген бұрылыста қылаң етіп алдыңнан шыққан ұғым – ой. Ой – жазушы қаламынан бейтарапта, елеусіз қалмаған. Кез келген оқиғаны баяндауда, сұхбат алысуда, сыни сараптамаларда әртүрлі ракурста әр түрлі қырымен бой көрсеткен.

«Ми сұйыған мына заманда» [1, 26] ой туралы ойлану артықтық етпейді. «Сөз – құлын да, ой – жылқы. Бірақ, құлын мүше сөзінде, жылқы мінез түк те жоқ» [1, 35] – дейді А.Сүлейменов құлын-жылқының баласы, яғни сөз ойдан туады. Бірақ ой сөзсіз өмір сүре алмайды. Сөз бен ой әрқашан да егіз, бір-біріне болуы мүмкін емес. Сүлейменов пікірінің екінші бөлімінде сөз бен ойдың айырмашылығы мінезбен байланыстырылған.

Сөз ойды толық қамтымайды. Ойдың салмағы ауыр, сөз бен ойдың әрекеттегі маңызы әртүрлі бағытта өрбуі әбден мүмкін. Ойланбай абайсызда ауыздан шығып кеткен сөз үлкен мәселе тудыратынын ешкім жоққа шығармайды.

«Ел мен елдің, жұрт пен жұрттың арасында ойдың сөзге ауысар астар асты тұсындай үлпершек бар, шел бар. Ол екеуін пышақтың өтпесі, бармақтың көрі бүлдірген» [1, 39].

Ойшыл жазушы ел мен ел арасындағы сөз бен ойдың арақатынасын әруақытта салмақтап, байыптап, сараптап отырудың қажеттігін алға тартады. Ойланбай айтыла салған желөкпе сөз екі елдің арасына жік салып, бітпес дау тудыру мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Ойдың сөзге айналуы барысында жағымсыз қылықтар, қисындар туындап, жаман ойға бастап кикілжіңдерге айналып кетсе, қиындықтың көкесі осы болса керек.

«Қатын ойдың адамы тырнағын қамшыға балаған» [1, 58]. Бұл жерде таяз ойлап, тез шешім қабылдайтындар туралы айтылған.

«Қиын-қиын ой кештің бе – жанарыңа жас тепті» [1, 66]. Қиын-қиын ой – жағымсыз ой болуы мүмкін.

«Жазушы болсын, басқа болсын, өнер адамының, бейнелеп айтқанда, сабы да, сабасы да бір деген ой түймекпін» [1, 92]. Жазушы мен өнер адамының бір-біріне ұқсастығы – екеуі де шығармашылықпен айналысады. Ал шығармашылық дегеніміз – адамның табиғи таланты мен зияткерлік мүмкіндігінің кеңінен ашылуының жоғарғы көрінісі. Шығармашылық – бұл ұлы қуаныш, сонымен қатар, ұлы қиналу мен күйзеліс. Өйткені осы процестің барысында өнерде, әлеуметтік өмірде, ғылым мен техникада бұрын-соңды болмаған жаңалықтар пайда болады, дүниенің тылсым сыры ашылады, әлем өз болмысының әртүрлі қабатында мүлгіген керемет қасиеттері мен заңдылықтарына жол ашады. Шығармашылық – адам бойындағы энергияның сыртқа атқылануы, яғни бұрқылдап, буырқанып сыртқа шығуы.

Соның нәтижесінде табиғат құбылыстарының теңдестік, ырғақтылық, арақатынастық белгілері көркем өнерде бейнеленді. Шығармашылық – өмірді қайта құруға, дамытуға, нығайтуға әруақытта жағдай жасап отырады. Оның бір тамаша қасиеті – өзің өмір сүріп, тіршілік етіп отырған ортаға өзіндік баға бере отырып, одан туындаған құндылықтарды көркем образдар арқылы көрсетуге мүмкіндік береді.

«Жазушы халықтың рухани ұстазы» [1, 100], жазушы – қоғамның сүйегінен адамның жанын іздейтін бейбақ» [1, 140] – деген А.Сүлейменов анықтамалары жазушының жоғары миссиясын көрсетеді.

Таланттан гөрі талап, дарыннан гөрі табу мен жағу, биіктен гөрі билік, шындықтан гөрі қулық жоғары бағаланатын мына заманда қазақтың «қатпар-қатпар қалың сөзін», «құс жолындай ұзын сөзін», «жалаңдаған жалын сөзін тірілтіп, түлетіп, қазіргі жастардың санасына құю – жазушының төл міндеті.

Иә, жазушы халықты тәрбиелейді. Өнердің шындығын ашып, ондағы келеңсіз жағдайлардан алыстатып, жақсылыққа ұмтылыс жасауға баулиды, сүйіспеншілікке

үйретеді. Көзге көрінбей, сана түкпірінде елеусіз қалып кететін рухани құндылықтарды қопарып, көптің көзайымына айналдыруға атсалысады. Мұның бәрін әдемі сөздер мен ырғақтар, дыбыстар арқылы жүзеге асырады.

Жазушы – бейбақ, өйткені ол көреген, жайшылықта көп адамдар онша мән бере бермейтін кейбір әділетсіздікке оның нәзік жаны шыдамай, рухани қиналысқа тап болады. Көрсоқыр, жалаң ұран мен көзбояушылыққа бой алдырған қоғамда қисынсыз қайталанып жатқан тоғышарлық пен жағымпаздық, жалқаулық, менмендік жазушының жанын ауыртады, рухани шаршатады. Күнкөріс емес, күнелтіп жүрген уақытта адамдардың көпшілігі әзәзіл көрсеқызарлық пен дүниеқұмарлықтың қызығына түсіп кеткені рас. Оларға бірмезгіл әйтеуір бір керметтің, жаратушының бар екенін ескертіп қою артық болмайды. «Ұзақ жылдар бойы жаратушыға деген сенімнен айырылған халықта оған деген сағыныш пайда болды. Дінге сағыныштан адамдар бірден сол жаққа қарай бет бұрды» [3,7] деген А.Арцишевскийдің пікірімен толық қосылуға болады.

Ендігі мақсат адамның назарын, көкірек көзін өзіне бұру.

«Адамды ой қажытады», «тарау-тарау ой қашады» [1, 193]. Көп ойлаған адам қажитын болар. Бірақ кез келген ой адамды қажытады деп абсолютті біржақты кесіп айту болмайды. Кейбір ойлар адамды дамытып, оған тың серпіліс, тың ізденіс сыйлауы мүмкін. Ойдан ой туады, бір ой екінші ойға тіреу, дәнекер болады.

Асқардың адамды ой қажытады деуінде ойдың да ойы бар екендігін ескерту жатқан сияқты. Қандай ой адамды қажытады? Шешімі жоқ, жалаң, жайдақ ой қайта-қайта қайталанғандықтан адамды әбден шаршататын болар.

Ал мағыналы ой, керісінше, адамды бұрын-соңды болмаған көкжиектерге жетелеп, қызықтырып, өзіне баурап алады. Мұндай ойлар адамды әруақытта биіктетеді.

«Ой шауып тұрғанда боз қасқадай бой қасқа тартынбақ емес» [1, 227].

Асқардың «ой шауып тұрған» деуі ойдың жылдамдығын көрсететін болар. Ойдың жылдамдығы дегеніміз не? Бұл сауал бірден туындайды. Кез келген уақытта кенеттен пайда болған жағдайдан тез қиналмай шығып кету – ойдың жылдамдығының белгісі. Көп оқып, көңіліне тоқып, өзін-өзі үнемі дамытып жүретін ізденімпаз адамның ойы жүйрік, жылдам болатыны сөзсіз.

Сөз – саудыратып тізіп шығатын сылдырмақ емес. Сөздің де сөзі, яғни сылдыраған су сөз, батпандай салмақты сөз бар. Ойды сұлу да, астарлы сөзбен жеткізе білу – адамның даралығы мен дарындылығының сипаты. Ал дарын мен талант кез келген қаламгерлердің бойынан табыла бермейтін ерекше қасиеттердің бірі. Көңілге қонымды сөз айта білу үшін де адамға ақыл мен парасат, ішкі жан мен жүректің тазалығы қажет екендігі анық. «Ойға күпті сезімнен туған, сезімге жүкті ойдан туған сөз бен әуен, бояу мен әуез қарашаның қымыранындай қою келмек – шыныны қабады. Болмыс пен заманның, адам атты әлемнің бұрын ешкім бармаған – бара алмаған, аспаған – аша алмаған иін-иірімдерінен, қылтақияларынан сыр тартқан Махамбет пен Тәттімбеттің, Құрманғазы мен Әуезовтің, Абай мен Мүсіреповтің өнерінен осы қасиет атойлап көрінеді» [1, 671] – деп толғанады А.Сүлейменов.

Сезім де ойға бай болуы керек. Оймен суғарылмаған сезім адамды құрдымға апарды, есінен тандырады, еркін билейді. Ойсыз сезім оны қанбақша домалатып, құр сұлдерін қалдырады. Ал сезімнен жұрдай жалаң ой адамды қаныпезерлікке жетелейді, аяушылықтан, мейірбандықтан, жүрек жылуынан мүлдем алыстатады.

Екеуі де біржақтылық, екеуі де адамға зиян. Ой мен сезім бірін-бірі сүйеп, өзара кірігіп, бірігіп тұрған жағдайда ғана жақсы өмір сүруге болады.

«Бабы мен бағы бұққан тұяқ та бір, ойға суарылмаған әуен мен әуез де бір» [2,136], - деп А.Сүлейменов ән мен музыканың өміршендігі, тұрақтылығы олардың ой қабатымен анықталатынын көрсетіп отыр.

Кез келген ән ойлы болса ғана өміршең бола алады. Әнге ажар беріп, сұлулық сыйлайтын, көптің көзайымына айналдыратын – оның жүректі арбау, егілту қасиеті. Ал ол неден туындайды? Кез келген ән кездейсоқ туа салмайды. Ол – ұзақ толғаныстың немесе суреткердің тұла бойын кенет бұған шабыттың нәтижесі. Олардың әрқайсысының астарында сезік ой жатыр. Ән – сүйіспеншіліктің, бірнәрсеге құлай берілудің, құмарлықтың, іңкәрліктің нәтижесі.

«С.Далидің бір қағидасы: өнердің жауы жалқаулық» Бақытжан еңбекқор, жанкешті еңбекқор-нағыз хоккейшілер мен футболшылар ғана осылай тер төгеді – мүсінші, иненің жасуынан көп ой сабақтайтын, ойы, ұстараның жүзіндей өткір мүсінші» [1, 690], - деп А.Сүлейменов мүсінші Б.Әбішев туралы пікір қорытқан.

Мұндағы негізгі идея – ойдың өткірлігі, тереңдігі күнделікті еңбекпен, тынбай ізденіспен жетілдіріп отыратындығына көптің назарын аударуы. Футболшы мен хоккейші үзбей жаттығып, өзін белгілі бір шектеуде ұстап, үнемі шеберлігін ұштаумен болады. Адамның ойы да осындай күтіп-баптауды қажет етеді. Ұдайы іздену, оқу, оқығанды көңілге тоқу, әр нәрсеге сын көзімен қарау ойды ұштайды, оралымды етеді, тереңдетеді, көлемін ұлғайтады.

«Көрінбегенмен ұзақ отырған ой - қонақ» [2, 196], «қашқан ой, қаша бере қарайлаған ой» [2, 121] деген А.Сүлейменов тұжырымдары жалпы ой тіршілігінің, ой болмысының әрбір сәттерін көрсетеді. «Ұзақ отырған ой-қонақ» - адамның санасын біраз уақыт өзіне бағындырып, тынышын кетіріп, әрекеттерге итермелеген ой.

«Қашқан ой» - жүрдек өмірдің бір сәтінде көкейге қона кеткен, жылт ете түскен ой. Ондай ой сәтті болуы да, сәтсіз болуы да мүмкін.

«Қаша бере қарайлаған ой» - жылт етіп, сап ете қалған ойдың бұрыннан адамды мазалап жүрген ойға серпіліс беріп, жандандыруы. Мұның бәрі ойдың да басы, аяғы, ортасы, бұрыш-бұрышы, бұралаңы бар ұзақ бір үдеріс екендігін көрсетеді. Логиканың, диалектикалық логиканың болуы жай ғана кездейсоқтық емес, олардың әрқайсысы ойды негізгі нысан етіп алып, жан-жақты зерттейді.

«Беттерінен ойдың емес тердің исі шығатын кей роман, поэмаларды, зерттеу монографияларды оқығанда, менің есіме Карамзиннің бір сөзі түседі. Ол «осы сіз жүзік көзінен өтіп жұтынған повестерді қайдан ала бересіз» дегенде, «Каминнен» деп жауап беріпті» [1, 717] А.Сүлейменовтің бұл пікірі өмірден тым алшақ, жалаң баяндауға, әсіре

қызыл суреттеуге негізделген, оқушыны қызықтырудың орнына шаршататын, шыдамын тауыстыратын, мезі қылатын шығармаларға арналған.

«Камин» - ошаққа жылу беретін пеш. Ешқайда бармай ешнәрсені іздестірмей, зерттемей сөз байлығына, мәтін құрастыру мүмкіндігіне негізделген шығармалар осылай туындайды. Әрине, олар оқушыны баурай алмайды. Оқушының еркін билеу – жүректен шығып, жүрекке жетер шығарманың несібесі. Ал ондай шығарма өмір шындығынан туындайды. Өмірдің қатал шындығы адамды біресе биіктетіп, біресе төмендетіп, әуре сарсаңға салады, оның адами мүмкіншіліктерін әбден сынайды. Біресе мұңайып, біресе қуанып, біресе көңілі тасып, біресе қарабайыр қоңыр күй кешіп, әйтеуір тіршілік етеді. Адам болмысындағы ірілі-ұсақты, кешенді, қарапайым оқиғалар жазушының ұшқары ойы мен көреген көзі, ояу көкірегінің арқасында көркем дүниеге айналады.

Жазушының сезім мен ойды өзара кіріктіру, қабыстыру шеберлігі өміршең шығармаларды тудыра алады.

«Қазақтың ойы» ояна қалғанда, дағдыда, қайтеді? Тасыған болады. Қарғын судың шолағы боп тасиды. Шолақ судың тасығаны өзінің соры: сай-сайды, сайшық-сайшықтарда қуады, жылға жыраны, шұқыр-шұқанақты іздейді. Басылады сосын. Биігінде дертіп тұрған тоған жоқ-үзіледі сосын. Қақ-қақ, көлшік-көлшік, шалшық-шалшық боп қалады. Сонда не жетпейді? Ойдың тереңі жетпейді, ой бояуының қанықтығы-колері жетпейді, ойлана білу, ойлану мәдениеті жетпейді. Менімше, цивилизация сияқты мың сан үйірден тұратын ұлы ұғымның ішіндегі алмауыты осы – ойлана білу, оның мәдениеті. Бұл болмайынша, ұлттың, сананың ілгерілеуі қиын» [1, 712].

Асқар Сүлейменовтің бұл пікірі әртүрлі күй, сезім тудырады. Бір жағынан, шолақ суға қатысты ойды одан әрі өрбіте отырып, бұл күндері айналымға түскен көптеген шығармаларды, бұқаралық-ақпарат көздерін қатал сынға алуға болады.

Мемлекет қаржыландырып отырған «Хабар», «Қазақстан» телеарналары бүгінгі таңда өскелең талғамға, Қазақстанның қол жеткізген халықаралық деңгейіне сай бағдарламалар ұсынуда деп ауыз толтырып айта алмайсың. Бірімен бірі жарысып кезек-кезек, түрік сериалдарын көрсете беру – ұлттық патриотизмді дамытып, жастарды адамгершілікке жоғары мәдени құндылықтарға тәрбиелейді деудің өзі мүлдем орынсыз. Қазақ киносының сәтті туындылары бар, соны қайталап көрсетіп, ондағы құндылықтарды насихаттаудың орнына біздің ділімізге мүлдем жат түрік сериалдарын қайта-қайта көрсету – ұлттық телеарналардың өз ұлтының алдындағы міндетіне немқұрайдылық танытуы.

«Ал қазақтың телеарналары жаратылыстану ғылымдарына көп көңіл бөлмейді. Ылғи ән, күй, ойын ойнатып жатады. Дайын үлгіге жүгінеді. Зияткерлік ойындар да «мына өлеңнің авторы немесе композиторы кім?» - деген сауалдар төңірегінде өтеді. Ал ғылымға географиялық сұрақтар қою жағы кемшілік болып отыр» [4, 4] Қадырбек Ахметовтің пікірі өте орынды.

Қазір қазақ тілінде көптеген газеттер мен журналдар шығарылуда. Кеңес өкіметі кезінде «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс», «Білім және еңбек» журналдары халықтың барлық деңгейінің сұранысын қанағаттандырды.

«Мәдениет және тұрмыс» - өте мазмұнды, ақпараттық деңгейі жоғары журнал болған. Қарапайым көпшілік оның беттерінен әдебиеттен, мәдени өмір, философиядан, діннен түсінікті, сапалы дайындалған ақпараттар алып отырған. Қазіргі «Парасат» журналының қағазы, суреттері әдемі, бірақ зияткерлік деңгейі «Мәдениет және тұрмыстан» әлдеқайда төмен. «Қазақстан әйелдері» де осындай жағдайда.

Жалпы Қазақстан Республикасының бүгінгі күнгі мәселелерін саяси, әлеуметтік, экономикалық, социологиялық тұрғыдан сараптайтын журналистік зерттеулер көп емес. Сондықтан болар газеттер «ақылды» мақалаларды өте аз ұсынады, ал мақтау, жалаң ұрандарға негізделген мақалалар көп жарияланады.

Яғни ұлттық публицистика мен журналистикаға қатысты А.Сүлейменовтің «қақ-қақ», «көлшік-көлшік», «шалшық-шалшық» деген сөздерін еркін пайдалануға болады.

Екінші жағынан, «қазақтың ойы», «қарғын судың шолағы» ғана болса, «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көрген көл-көсір рухани байлықты қайдан алдық. Тек «Бабалар сөзі» айдарымен жарияланған жәдігерлердің өзі 100 томды құрайды.

Қазақ халқының ойы терең және жан-жақты. Атақты журналист А.Арцишевский әр қазақтың жүрегі ақылдылыққа жақын. Қазақтың бойындағы жазуға жақындықты жоққа шығара алмаймыз деген. Бірақ осы тереңдік қазіргі өркениетте қаншалықты іске асып жатыр. Қазіргі қоғамдық қатынастарды жайлаған кейбір шалағайлықтарды еске алсаңыз, А.Сүлейменов пікірі дұрыс болып шығады.

Ал халықтың рухани мәдениетін біртұтастық, көркем-эстетикалық тұрғыдан алсақ, тереңдік, ой қанықтығы, ой икемділігі, оралымдығы ешкімнен кем емес.

Дегенмен, А.Сүлейменов осы заманды сараптағандықтан, оның ойлау мәдениетінің төмендігі туралы қатал үкімін тыңдап, оны түзеуге тырысу қажет шығар деп ойлаймын.

«Мәдени мұра» аясында жарық көрген әдеби-мәдени жәдігерлер жастар санасынан әлі де тыс, бейтарап өмір сүруде. Оны сараптап, жоспарлы түрде оқу процесіне енгізу - жастардың ойлау мәдениетін жетілдірудің өзегі, күре тамыры.

Кез келген студент, оқушы жарық көрген материалдарды бірден игеріп кете алмайды. Оны түсіндіру, олардың мазмұнын оқу бағдарламаларына сәйкестендіру немесе енгізу - гуманитарлық ғылым өкілдерінің міндеті.

## ӘДЕБИЕТ

1 Сүлейменов А. Кек: Драма-диалогтар. Аудармалар. Эсселер. Ой-толғамдар. – Алматы: Өнер, 2001 – 728 б.

2 Сүлейменов А. Бесатар. Повестер пен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2009 – 352 б.

- 3            *Арцишевский А. Жаратушыға деген сағыныш // Қазақ әдебиеті. №6 (3326)*  
8.02.2013.  
4            *Ахметов Қ. Кісі елі мен туған жер // Қазақ әдебиеті. №12 (3332) 22.03.2013,*  
№4

## REFERENCES

1. *Suleimenov A.: Drama-dialogues. Transaltions. Essays. Thoughts. Almaty:Oner, 2001-728 p*
2. *Suleimenov A. Besatar. Stories and tales.-Almaty:Atamura, 2009-352 pages.*
3. *Artsishevskiy Miss to a creator//Kazakh literature №6 (332 ) 8.02.2013*
4. *Ahmetov K. Home land and land of citizenship// Kazakh literature № 12.(3332) 22.03.2013,№4*

*Н.Р.Мусаева*

(Южно-Казакстанский государственный университет им.М.Ауезова)

Мысли А.Сулейменова о мышлении

### **Резюме**

В статье анализируются смысловые оттенки понимания А.Сулейменовым понятия «мышления», взаимосвязь мышления и слова, раскрываются некоторые аспекты специфики писательского творческого труда.

### **Summary**

N.R.Musaeva

(M.Auezov South Kazakhstan state university)

Thoughts of A.Suleimenov about thinking

I the article is analyzed conceptual contrasts of understanding by A.Suleimenov of idea “intellection”, interaction of intellection and word, is revealed some aspects of specific writer creational work.

Поступила 19.06.2013 г.